



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№27 (1939) 19 ТАМЫЗ 2024 ЖЫЛ

Бірлескен сейсмикалық орталық құрылады

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Жапонияның Цукуба университетімен бірлескен Сейсмикалық орталық құрылады.

Жобаны іске асыру бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт Түймебаев пен Цукуба университетінің ректоры Нагата Кёсукэ келісімге қол қойды.

Ортақ жоба бойынша келісім Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуі және «Орталық Азия + Жапо-

ния» диалогының бірінші саммиті аясында өтті.

Астанада өткен ауқымды шараға Орталық Азия елдерінің басшылары, мемлекет қайраткерлері, ведомство басшылары, бизнес және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысуда.

Маңызды жиында жасыл экономика, көлік-логистика, қаржы мен адами капиталды да-

мыту мәселелерінің негізгі бағыттары талқыланды.

Жобаны іске асыру аясында қос білім ордасы оқытушылар мен студент алмасу, бірлескен семинарлар мен зерттеулер жүргізу бойынша өзара тиімді ынтымақтастық бағыттарын дамытады.

Бұл бастама білім, ғылым саласында білікті кадрларды дайындауға, екі елдің ғылыми байланыстарын одан әрі нығайтуға бағытталған.

Света ӘБІЛҒАЛИЕВА

Ректор Цукуба университеті президентімен кездесті

Астанада Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуі және «Орталық Азия + Жапония» диалогының бірінші саммиті өтті.

Шара аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Цукуба университетінің президенті Нагата Кёсукэмен кездесті.

Тараптар екі университет арасындағы ынтымақтастықты дамыту бағыттары бойынша пікір алмасты.

ҚазҰУ тарапынан табиғи шөптерден дәрі-дәрмек жасау бойынша біріккен орталық құру және қазақ, жапон тілдік курстарын ұйымдастыру ұсынылды. Бұл бастама алдағы уақытта жапон жастарының қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын арттыруға жол ашпақ. Биыл Цукуба университетінің екі студенті

ҚазҰУ-да қазақ тілін үйренуде.

Тараптар сонымен қатар «Кампустағы кампус» жобасы аясында атқарылатын бірлескен іс-шаралар жоспарын талқылады. Кездесу соңында Цукуба университетінің президенті Нагата Кёсукэ бастаған ғалымдар делегациясы 2024 жылдың қазан айының соңында ҚазҰУ-ға арнайы жұмыс сапарымен келетін болып келісілді.

Света ӘБІЛҒАЛИЕВА

Білім беруді цифрландыру жайы талқыланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бастаған оқытушы-профессорлар құрамы оқу жылының басталуына байланысты ұйымдастырылған «Digital Kazakhstan: Жаңа замандағы білім беру» атты педагогтердің тамыз саммитіне қатысты.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев педагогтарды келе жатқан жаңа оқу жылымен құттықтады.



Саммит барысында пленарлық отырыс өтіп, педагогтардың біліктілігін арттыру, білім беру үдерісіне инновацияларды енгізу мәселесі талқыланып, білім беру саласын дамытудың жаңа векторлары айқындалды.

Сондай-ақ жиында білім беруді цифрландыру және цифрлық инновация саласындағы мемлекеттік саясат мәселесі, балалар мен педагогтардың киберқауіпсіздігі мәселесі, оның ішінде этикалық аспектілер талқыланды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



5-бет

Ғалым құрметіне ескерткіш тақта орнатылды



7-бет

Археологтар ежелгі қоныстарды анықтады



8-бет

ҚазҰУ-да құрылыс-жөндеу жұмыстары пысықталды



Зерттеу жобаларын бірге іске асыруға келісті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Назарбаев университетінің Президенті Ахмад Вакармен кездесті.



лыми жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға әлеуеті жететіне сенім білдірді.

«Мықты ғылым – бірлескен ғылым. Мен сіздің ғылыми жұмыстар жүргізу туралы ұсынысыңызды қолдаймын. ҚазҰУ мен Назарбаев университеті әлемдік рейтингтерде жоғары орындарға ие. Қос жоғары оқу орнында ауқымды бірлескен ғылыми жобаларды іске асыруға барлық мүмкіндік бар», – деді Назарбаев университетінің Президенті.

Сондай-ақ өз сөзінде Ахмад Вакар ҚазҰУ оқытушылары мен профессорларын келесі айда Назарбаев университетінде өтетін конференцияға шақырды.

Назирке АСХАТҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Қытайдың танымал жазушысы, ҚХР Халықтық саяси консультативтік кеңесінің экс-депутаты, жазушы, аудармашы Акбар Мәжитпен кездесу өткізді.

Қытай жазушысымен кездесті

Акбар Мәжит – ҚХР Жазушылар одағының мүшесі, Қытай мемлекеттік сыйлығының лауреаты, оннан астам кітаптың авторы, оның ішінде Абай шығармаларын қытай тіліне аударған қаламгер.

Жансейіт Түймебаев қаламгермен білім, ғылым, руханият мәселелері бойынша пікір алмасып, ҚазҰУ мен Қытай университеттерінің серіктестігін ілгерілету маңызды екенін атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қытай ЖОО-ларын маңызды серіктес деп санайды. Бү-

гінде екі ел арасындағы академиялық ұтқырлық, ғылыми жобаларды бірлесіп жүзеге асыру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Көрші мемлекетпен жоғары білім мен ғылым бағытындағы байланыстар жан-жақты дамып келеді», – деді ректор.

Өз кезегінде Акбар Мәжит ілтипат білдіргені үшін ҚазҰУ басшылығына ризашылығын жеткізіп, бірқатар ұсынысын ортаға салды.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



Студент алмасу мәселесі талқыланды

шетелдік профессорлардың жалпы саны 137 адамды құрады.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 11 мамырдағы ресми сапарына байланысты Ыстамбұлда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалы ашылды.

2024 жылдың ақпан айында ҚазҰУ студенттері Сүлейман Демирел университетінде тағлымдамадан өтті. Эразмус+ бағдарламасы шеңберінде әріптес жоғары оқу орындары арасында академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру туралы шарт жасалды.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев өз сөзінде қос жоғары оқу орнының ынтымақтасуының болашағы зор екендігіне және ортақ бастамаларды қолдауға дайын екендігіне сенім білдірді.

Өз кезегінде Сүлейман Демирел университетінің ректоры Мехмет Салтан Түркияның үздік 20 ЖОО қатарына кіретін университет кампусының инфрақұрылымы мен ерекшеліктері туралы айтып берді. «Қазіргі таңда университетімізде Қазақстаннан 40 студент табысты білім алуда. Олар оқуда ерекше еңбекқорлық пен ізденімпаздықтарымен ерекшеленуде. Жалпы, академиялық ұтқырлық бағыты да жақсы нәтиже беруде», – деді Мехмет Салтан.

Кездесу соңында тараптар одан әрі ынтымақтастық бағыттарын, атап айтқанда, түрік тілін оқыту, дәріптеу, студент алмасу және бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Түркиядан профессорларды тарту мәселелерін талқылады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ZTE корпорациясы өкілдері ҚазҰУ-мен танысты

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Farabi HUB» орталығында өз кеңселерін ашқан Қытайдың ZTE корпорациясының өкілдері үшін арнайы кампус-тур ұйымдастырылды.



Қонақтар ҚазҰУ-дағы Солтүстік-Батыс политехникалық университетінің филиалы, «5G/5.5G коммуникациялық технологиялар» зертханасы, құрамына 9 ғылыми зертхана кіретін «Farabi Chem Science» кластері, «Қашықтан зондтау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасын аралап, ғалымдармен кездесті.

Сонымен қатар қонақтар қалашықтағы «Хан-Тенгри» футбол алаңында болып, Farabi обсерваториясы мен Әл-Фараби кітапханасының жұмысымен танысты.

Бүгінде ҚазҰУ мен ZTE корпорациясы цифрлық трансформация, инновациялық технологиялар саласында бірлесіп жұмыс атқаруда. Екіжақты меморандум аясында алдағы уақытта университет базасында ҚазҰУ мен ZTE корпорациясының бірлескен инновациялық орталығы ашылады. Бұл орталықты ZTE корпорациясы заманауи телекоммуникациялық құрал-жабдықтармен қажетті қондырғылармен қамтамасыз ететін болады.

Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Сүлейман Демирел университетінің (Ыспарта, Түркия) делегация құрамымен кездесті. Делегация өкілдерін түркиялық жоғары оқу орнының ректоры Мехмет Салтан бастап келді.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев қонақтарға QS World University Rankings әлемдік рейтингінде 9 көрсеткіш бойынша 230-дан 163-орынға көтерілген зерттеу университетінің соңғы жетістіктері туралы айтып берді. Университет басшысы ҚазҰУ базасында шетелдік жоғары оқу орындарының – МИФИ ҰЯЗУ (Ресей) және СБПУ (Қытай) филиалдары құрылғанын ерекше атап өтті.

Еліміздің жетекші университеті Түркияның 37 жоғары оқу орнымен, соның ішінде Ыстамбұл университеті, Серрапаш, Ақтеңіз, Анкара және басқа да білім ордаларымен белсенді ынтымақтасады. Көптеген жылдардан бері шетелдік ғалымдарды оқытушылық қызметке тарту бағдарламасы жұмыс істейді (Эразмус+, факультет жобалары). Соңғы оқу жылында оқу процесіне қатысқан шақырылған

Париж Олимпиадасының ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің спортшылары әрбір Олимпиада ойындарында төбе көрсетіп, қанжығасы майланып қайтады. Бұл – білім ордасы ұжымы үшін үлкен қуаныш, ал студенттерге жігер беретін ерекше сәт.

XXXIII жазғы Олимпиада ойындарында аты алты алашқа әйгілі Елдос Сметов, Ғұсман Қырғызбаев, Әбиба Әбужақынова, Шархан Нұрлыхан, Нұрқанат Серікбаев, Нариман Құрбанов сынды спортшыларымыз өнер көрсетті.

Елдің үкілеген үміті мен сенімін ақтап, тұғырдан көрінген «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының түлегі Елдос Сметов дзюдодан Париж Олимпиадасында алтын иеленді. Заң факультетінің түлегі, дзюдошы Ғұсман Қырғызбаев Олимпиада қола жүлдегері атанды. Спорттық гимнастикадан заң факультетінің түлегі Нариман Құрбанов күміс жүлдеге ие болды. Осы орайда жеңімпаздардың жетістікке жеткендегі бабы мен бағына тоқталсақ.

ҮЛКЕН АРМАН ҮЛКЕН ЕҢБЕКТІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Биология және биотехнология факультетінің түлегі Елдос Сметов дзюдодан Париж Олимпиадасының чемпионы атанды. Ол Рио-2016 бәсекесінде күміс, Токио-2020 додасында қола медаль еншілеген еді. Елдос екінші жоғары білімді де қара шаңырақта алған. 2018 жылы заң факультетінде құқықтану мамандығы бойынша диплом қорғаған. Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының қылмыстық сот өндірісінде сот әділдігін тек соттың ғана жүзеге асыруы».

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Елдос Бақтыбайұлы финалда французлық Лука Мхеидземен күресіп, жеңіске жетті. Іріктеу кезеңінде Торнике Чкадуаны (Нидерланд), Дильшот Халматовты (Украина) қапы қалдырып, ширек финалда Токио Олимпиадасының күміс жүлдегері Янг Ю Вейден (Тайпей) басым түсті. Жартылай финалда әлем чемпионы, Еуропа чемпионатының 3 дүркін жеңімпазы Франсиско Гарригосты тізе бүктірді. Нәтижесінде, ол дзюдодан Олимпиада чемпионы атанған тұңғыш қазақ спортшысы ретінде тарихқа енді. Ол кезекті жеңісін ата-анасына, отбасына арнайтынын айтты. Оның айтуынша, отбасының қолдауы оның жігерін қайрап, көп септігін тигізген екен.

Елдос Сметов Токио төрінен жеңіспен оралған сәтте білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев қабылдап, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттаған болатын. Соңынан студент-жастармен кездесу ұйымдастырылып өз пікірімен бөліскен: «Спорт – үлкен еңбек, сондықтан уақытты дұрыс басқарып, бағалау қажет. Өз жолыңызда қандай кедергілерге кезіксеңіз де, нақты мақсаттар қойып, соған жетуге тырысу міндет». Сонда спортшы өзінің келешектегі жоспарлары туралы айтып, Парижде өтетін Олимпиада ойындарына дайындықты бастап кеткенін де жеткізген. Міне, бүгін сол көрсеткішіне куә болып отырмыз.

– Естеріңізде болса, мен Рио-де-Жанейродағы Олимпиада ойындарында финалда өнер көрсеткенмін. Бірақ онда финалдағы қарсыла-сымның мемлекеттік әнұраны шырқалған. Сол кезде мен бір күні менің жеңісімнің құрметіне Қазақстанның



әнұраны шырқалатынын елестеткен едім. Бүгін, міне, сол арманым орындалды, – деп Елдос Париж Олимпиадасындағы әсерімен бөлісті, – бұл медальға қол жеткізу үшін көп еңбек еттім. Отбасымды қалаған уақытымда көре алатын мүмкіндігім болмай, жырақта жүріп жаттықтым. Менің 5 балам бар. Олимпиададан бір алтын болса, үйде 5 алтын бар. Бұл алтын медаль Қазақстан үшін алғашқы алтын емес. Бірақ, дзюдодан Орта Азия елдері үшін алғашқы алтын, – деді чемпион Халықаралық дзюдо федерациясына берген сұхбатында.

Елдос Сметов 2028 жылғы Олимпиадаға дейін карьерасын жалғастырмақ ниетте. Олимпиада чемпионы грек-рим күресінен финалға дейін жеткен 34 жастағы Демеу Жадыраев шабыттандырылған екен. Бұл туралы ол тілшілермен өткен брифинг барысында айтты. Келесі Олимпиадаға қарай Сметовтің жасы 35-ке толады. Олай болса Елдос Халықаралық дзюдо федерациясы берген алтын жапсырмамен күреседі.

Кез келген спортшыға шабыт беретін де осы ақжарма тілекті, кең пейілді елдің батасы. Көпшілік үміт артқан соң, сол үміттің үдесінен кім болса да шықсам дейді. Елдос сол үмітті ақтады, ниетіне жетті. Көк ту желбіреп көтеріліп, әлем алдында әнұран шырқалып жатты, сол кезде балуанның толқып, көз жасына ерік бергені де көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

ТАТАМИ ШЕБЕРІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің түлегі Ғұсман Қырғызбаев Олимпиада жүлдегері атанды. Ол Париж олимпиадасында дзюдодан 66 келіде сербиялық Страхинья Бунчичті жеңу арқылы спорттық карьерасындағы ең үздік нәтижеге жетіп, қола жүлдеге ие болды. Қырғызбаев бұрын 60 келіде күресіп жүрген еді. Кейін 66 келі салмаққа ауысып, осы салмақта Олимпиада медалін алды. Ғұсман Парижде 66 келідегі дзюдошы оңтүстіккореялық Ан Ва Ульды жеңді. Одан кейін Франция үміт артқан Валид Хярды жықты. Бірақ жартылай финалда бразилиялық Уильян Лимадан жеңіліп қалды.

Қазақстандық татами шебері Ғұсман Қырғызбаев – 2021 жылғы әлем чемпионатының күміс жүлдегері, 2019 және 2022 жылдары өткен Азия біріншіліктерінің қола медаль иегері.

1992 жылы Түркістан облысында, Диханкөл ауылында дүниеге келген. Ғұсман 12 жасында спортқа келіп, інісімен бірге ұлттық күреспен айналысқан. 2010 жылы ағайындылар мектепте оқуды аяқтап, Қазақ спорт және туризм академиясына оқуға түседі. Дзюдодан Алматы қаласы чемпионатының іріктеу жарыстарына қатысып, финалға өтті. Дзюдошының алғашқы жаттықтырушысы Е.Отызбаев болды.



Ғұсман Қырғызбаев Олимпиададағы өз әсерімен бөлісе келе спорттағы карьерасын аяқтайтынын мәлімдеді.

– Бұл – менің соңғы Олимпиадам. Қазір 32 жастамын. Бұл жеңіске жету үшін барлық күшімді салдым. Жеңісімді бүкіл Қазақстанға, ата-анама, жұбайыма және балаларыма арнаймын, – деді спортшы.

Ғұсман мен інісі Ғұмар екеуі ҚазҰУ-да бірге оқыған, заң факультетінің мақтаныштары. 2016 жылы Қытайда қазақ күресінен өткен III әлем чемпионатында Ғұсман мен Ғұмар Қырғызбаевтар 60 және 70 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде екі алтын медаль жеңіп алған. Ғұсман 2021 жылы дзюдодан әлем чемпионатының күміс жүлдесін иемденген. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультеті Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасында «Мемлекеттік заңды тұлғалардың қызметін құқықтық реттеу» тақырыбында диплом қорғаған. Ұстаздары Ғұсманның көп уақыты жаттығу залында өтсе де, оқуға зерек болғанын айтады. Студенттерге үлгі спортшының соңынан әлі талай Әлем чемпиондары ереді деп үміттенеміз.

СПОРТТЫҚ ГИМНАСТИКА ЖЕҢІМПАЗЫ

Нариман Құрбанов – 2022 жылғы ҚазҰУ, заң факультеті түлегі, ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, халықаралық турнирлердің бірнеше дүркін жүлдегері, Әлем кубогы кезеңдерінің чемпионы және жүлдегері, Универсиада, Ислам бірлігі ойындары сияқты ірі сындарда күміс жүлде иеленіп, екі жыл қатарынан Азия чемпионы атанды, 2022 жылғы әлемдік рейтинг жеңімпазы. 2023 жылғы Азия ойындарында қола жүлдегері атанды. XXXI жазғы универсиаданың күміс жүлдегері. Париж олимпиадасының жолдамасы Нариманға соңғы әлем кубогында, Германияның Котбус қаласында бұйырды. Бұл сында отандасымыз 15,433 ұпай жинап, Олимпиадаға жол ашты. Күні кеше Париж төрінде де ол дәл сондай ұпайға (15,433) ие болып, спорттық гимнастиканың ат снарядындағы жаттығуда күміс жүлдеге қол жеткізді. Осылайша, ҚазҰУ түлегі елімізге спорттық гимнастикадан Олимпиаданың алғашқы медалін сыйлады.

– Шынымды айтсам, қарсыластарым өнер көрсетіп біткенше сабырсызданып кеттім. Уитлок сәтсіздігінен кейін кемінде қола медаль қолымда деген ойға берілдім, ақыры нәтиже мен күткеннен де жақсы болып шықты. Бұл жеңісімді



Қазақстан халқына арнаймын. Қазір қандай үлкен іс тындырғанымды сезіне қойғаным жоқ, дегенмен елге барған соң бәрін қайтадан түсіне бастайтын болармын, – осылайша жеңімпаз журналистерге берген сұхбатында ішкі толқынысымен бөлісті. Спорттық гимнастикадан тарихи жүлде жеңіп алған Нариман Құрбановқа «Ел қорғаны» медалі табысталып, 1 миллион теңгелік сертификат тарту етілді. Осылайша спорттық гимнастикадан Олимпиада ойындарында жүлде иеленген тұңғыш қазақстандық спортшы атанып, ел мерейін тасытты.

Еліміздегі ұйғыртану саласының негізін қалаған, танымал ғалым Ғожахмет Сәдуақасовтың асыл жары, ұйғыртанушы Хасанова Омақ Сраждинқызы – бүгінде ғасыр жасына жақындап қалған айтулы тұлғалардың бірі. Ғожахмет Сәдуақасовтай ірі тұлғаның өмірлік жары болып, ұзақ жылдар бірге отасқан, шығармашылық досына айналған, күні бүгінге дейін отын өшірмей отырған осы бір кейуананың мағыналы ғұмыры көпке өнеге боларлықтай.

ғыр мотивтерін ыңылдап әндетіп жүретін. Ол бұл әуенді қайдан білетінін сұрағанда, Ә.Қайдаровтың ұйғырлар арасында туып-өскенін естиді. Омақ апа: «Қайдаровтың ұйғыр тіліне деген қызығушылығының зор болғаны сондай – ол кандидаттық диссертациясын да, докторлық диссертациясын да

нымен, ғылым кандидаты болу дәрежесі бұйырмады. Оған себеп – отбасылық міндет, балалардың дүниеге келуі, олардың тәрбиесі мен күтімі, үй шаруашылығын ұстау. Ал ең бастысы – ғылым жолындағы жолдасының шығармашылық еңбегіне басымдық беріп, күйеуіне көмектесу мен жағдай жасауды

ұйғыр халқына деген сүйіспеншіліктің, жалпы, ыстық ықыластың құрметінен болғанын мойындау керек. Ярринг Шыңжаңда жеті рет болған, ұйғырларға қатысты көптеген материалдар жинаған. Ұйғыр балаларына арналған балалар үйі мен мектеп ашқан. Бірқатарын Швецияға тұрып келуге де жағдай жасаған адам. 1986 жылы балалар үйі тәрбиеленушілерінің бірі – Турнисті Швецияға шақыртып, қонақ еткен жомарт жан. Ғожахмет пен Ярринг қайтыс болғаннан кейін Омақ Хасанова арнайы шақыртумен Швецияға барады, онда Лундта университетінде Г.Яррингтің туысы Маргаритамен кездеседі. Маргарита Яррингтің өмір бойы жинаған Шыңжаңнан әкелген мұрағаттық материалдарымен таныстырды. Өте көп материал-тұғын. Қуаныштысы, бұл құнды мұраның барлығын шведтер аса ыждағаттылықпен ретке келтіріп, мұқият сақтап отыр екен. Олар бұл мұраның ұйғыр зерттеушілерін күтіп тұрғанын ескерткен еді.

Омақ апаның айтуындағы келесі маңызды тақырып – «Ұйғыр тілінің түсіндірме сөздігін» құрастыру болды. Ол бойынша А.Қайдаров, Ғ.Сәдуақасов, Ш.Кибиров, О.Хасанова, Ю.Цунвазо, Ш.Баратов, О.Жамалдинов, И.Мұсазаев жұмыс істеді. Әр әріптен басталатын сөздер бойынша бөлімде белгілі бір қызметкерлер жауапкершілік алды. Омақ Хасанова «В», «Н» және тағы алфавит соңындағы бірнеше әріптермен жұмыс істеді. Редакциялауға Ю.Цунвазо және Ш.Кибиров жауапты болды.

1991 жылы Ғ.Сәдуақасов дүниеден озды. Ғ.Сәдуақасов үлкен қиындықпен құрылған Ұйғыртану институтының алғашқы және соңғы директоры болды. Ол қайтыс болғаннан кейін 1993 жылы Ұйғыртану институтына Ғ.Сәдуақасов есімі берілді. Араға 10 жыл салып институт жабылды. ҚР ҰҒА 1995 жылдың 28 желтоқсанындағы №93 қаулысына сәйкес, Ғ.Сәдуақасов атындағы Ұйғыртану институтын және Сүлейменов атындағы Шығыстану орталығын ҚР ҰҒА Шығыстану институты етіп қайта құру туралы шешім қабылдады да, оған Сүлейменов есімі беріледі. Институт ұйғыртану бөлімі статусына көшіріледі де, оған Ғ.Сәдуақасов есімі берілді.

Омақ апа әңгіме арасында Ғожахмет Сәдуақасовтың қайтыс болуы және Ғ.Сәдуақасов атындағы Ұйғыртану институтының жабылуымен көптеген жоспарлардың орындалмай қалып қойғанын қынжыла айтты. Әзиз аңаның ғылыммен өрілген ғұмырында, өмірлік жолында өткен бір кезеңнің, анығырақ айтқанда, бір ғасырдың шиырланған, соқтықпалы-соқпақсыз ізі жатыр. Жасы жүзге жақындаса да, зердесі мықты, көзі ашық, көкірегі кеңіш, ақылы қазына болған осы бір ғажап жанның қасында бола бергің келеді. Жүз жасаңыз, асыл апа, ғасыр апа!

Раушангүл АВАКОВА,
Түркітану және тіл теориясы кафедрасының меңгерушісі,
ф.ғ.д., профессор

Ғасырлық ғұмыр ғибраты



детіп, қатты дауыстап сөйлеу ол кісінің мәдениетіне жат еді», – деп еске алады бүгінде. Курстастары да сайдың тасындай жігіттер еді. Кейіннен олар қазақтың маңдайалды азаматтары, Алаштың мақтанышына айналды. Олар: академик, жазушы Зейнолла Қабдолов, профессор Тұрсынбек Кәкішев, Қазақстанның халық жазушысы Сафуан Шаймерденов, белгілі ақын Аманжол Шамкенов, тағы басқалар еді.

Омақ апа ҚазМУ-ды 1950 жылы бітіріп шығады. Бұл ҚазМУ тарихындағы түлектердің 4-ші легі болатын. Жалындағын жастық ғұмырдың асқақ арманы жаңа бір асуларға қарай жетелей жөнелген еді.

Университетті бітіргеннен кейін жоғары академиялық білімі бар жас маман Ғылым академиясының ұйғыр-дүнген мәдениеті секторына шақырту алады. Ол кезде Айшам Шамиева, Юсуп Цунвазо, Мәлік Қабиров және А.Идаятовтар секілді ұйғыртанушы ғалымдар сол мекемеде қызмет істейтін. Айшам Шамиеваның қолдауымен Ғылым академиясының сол кездегі бірінші басшысы – Қаныш Сәтбаевқа алып келеді. Академия президенті Қаныш Сәтбаев жас қызды жылы қабылдап, жаңа қызметіне сәт сапар тілейді. Бір жылдан кейін Омақ Хасанова қызметке тұрған секторға Ғ.Сәдуақасов аспирант ретінде келеді. Соғыстан кейін орта мектептерге арналған кітаптар мен оқу құралдарына үлкен қажеттілік туды. Аталған сектор осы қажеттіліктің орнын толтыру жауапкершілігін мойнына алып, шұғыл іске кірісті. А.Шамиева «Әліппені» жазды, Ю.Цунвазо және Ғ.Сәдуақасов «Ұйғыр тілі» оқулықтарын шығарды, сонымен қатар Ғ.Сәдуақасов бастауыш сыныптардың бағдарламалары мен оқулықтарын да қатар жазып, құрастырып жатты. Ал Омақ Сраждинқызы 7-сыныпқа арналған «Әдебиет» оқулығын құрастырумен айналысты. Бұл жас маманның алғашқы жұмысы болды.

Бірде-бірде ұйғыр-дүнген мәдениетінің секторы толықтырылды. Жаңа аспирант Әбдуәли Қайдаров келді. Омақ Сраждинқызы Ә.Қайдаровты студент кезінен жақсы білетін. Ол соғыстан келген жауынгер еді. Университетте «Жас маман» қабырға газетін бірге шығаратын. Омақ апаның айтуынша, Қайдаров қазақ болса да, «Анархан» спектакліндегі ұй-

ғыр тілінің материалдарынан қорғады», – деп ерекше құрмет танытады. «Әбдуәли Тұғанбайұлы тек ғұмырлық әріптес қана емес, отбасымың да ең жақын досы болды», – деп еске алады ғалым апа.

Уақыт өте келе ұйғыртану саласы көкжиегін кеңейтіп, ұйғыр-дүнген мәдениеті секторы аясын үлкейте бастады. Қазір Қайдаров бастаған бөлімге Шавдун Кибиров, Тұғұлған Талипов, Октябрь Жамалдинов келді. Олар да ұйғыр филологиясының мәселелерімен айналысып жүр.

Омақ Хасанова жасаған келесі ірі еңбек 16 мың сөзден тұратын «Орыс-ұйғыр сөздігін» құрастыру болды. Оның құрастырушылары – А.Қайдаров, Ғ.Сәдуақасов, Ш.Кибиров, О.Хасанова және Ю.Цунвазо болды.

1953 жылы Омақ Хасанова мен Ғожахмет Сәдуақасов отбасын құрып, ғылымда да, ғұмырда да қол ұстасып бірге болуға серт береді. Ғожахмет сүйген жарын ерекше қатты жақсы көрді. Ғожахмет кенеттен қайтыс болған кезде оның өлімін ұзақ уақытқа дейін қабылдай алмауы да содан еді.

Бірде үй кітапханасын реттеп жатып Омақ апа Хизметтің Ғожахметке сыйға гартқан романындағы қолмен жазылған жазбаны көзі шалып қалады. Онда былай деп жазылған еді: «Біз шын армандаған дүниелеріміздің бәріне қол жеткізген екенбіз». Осы туралы Омақ апа: «Иә, олар өз армандарына қол жеткізді, бірақ шығармашылықтың шыңында тұрған кезде өмірден кетті де қалды», – деп мұңаяды.

Омақ Хасанова «Ұйғыр тіліндегі терминологияның кейбір мәселелері» тақырыбында кандидаттық диссертациясымен ұзақ жылдар айналысқа-

таңдады. Жолдасының Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Шығыс Түркістан, Америкадан келетін әріптестерін күтіп алу, қонақ ету, шығармашылық байланыс орнатуда Омақ апаның еңбегі зор болды.

Омақ апа өз естеліктерінде Гуннар Ярринг – әйгілі ұйғыр зерттеушісі туралы ерекше ықыласпен жазады. Гуннар Ярринг – кәсіби дипломат, Швецияның Қытайдағы, Америкадағы, Пәкістандағы, Үндістандағы, Ирандағы және Кеңес Одағындағы елшісі болды. Оның ұйғыртануға деген қызығушылығы елшінің екінші мамандығына айналды. Ярринг 1976 жылы қыркүйекте Алматыға алғашқы Түркология конференциясына келеді. Әлемге әйгілі дипломат, ұйғырларды зерттеп жүрген швед ғалымы «Менин кадрилик алмутилик кериндашлирим! Мен силер билен дидашлишип олтарганглигим учун интаин хожалман...» деп сөз бастағанда бүкіл зал таң-тамаша, аң-таң қалыпта қалды. Залда тек ғалымдар ғана емес, ұйғыр зиялыларымен қатар, қарапайым ұйғырлар да бар еді. Ғожахмет оны үйіне шақырып қонақ етеді. Омақ апа дайындаған ұйғыр тағамдары Гуннар Яррингке Қашқария сапарын еске түсіреді. Кейінірек елші өз еліне қайтқанда Қазақстанға «Мен көптеген елде достарыма жиі барамын, бірақ сіздердегі ұйғыр дастарханы мен ерекше әңгімелеріңізді мен еш жерден кездестірмедім» деп жазған хат келеді.

Ярринг пен Ғожахмет Сәдуақасов арасында ерекше жылы, достық қарым-қатынас болды. Олар ғылыми мақалалар мен кітаптар жөнінде жиі пікірлесіп, хат алмасып тұрды. Мұндай өзара сыйластық пен достық бір кісіге деген емес, бүтін бір

Конференция «Славяно-тюркский мир» в Чувашии

В Чувашской Республике в городе Чебоксары состоялась Научно-практическая конференция с международным участием «Славяно-тюркский мир: история и современность».



На пленарном заседании прозвучали также доклады известных ученых, в том числе доктора исторических наук, профессора КазНУ имени Аль-Фараби Лайлы Сейсембековны Ахметовой. На секционном заседании «Славяно-тюркский диалог культур: история и современность» доктор филологических наук, профессор, исполнительный директор НИИ тюркологии и алтаистики Шаймерденова Нурсулу Жамалбековна выступила с докладом «Глоссы в письменных источниках как отражение тюрко-славянских языковых контактов», в котором рассмотрела влияние тюркских языков на славянские письменные источники, анализируя глоссы как важные элементы этих языковых контактов.

В своём выступлении кандидат филологических наук, старший научный сотрудник НИИ тюркологии и алтаистики Аманжолова Джемма Болатовна рассмотрела концепт «Шанырак» как важный элемент евразийской лингвокультуры, его символическое и практическое значение в жизни тюркских народов.

Конференция стала важной площадкой для обмена зна-

ниями и идеями между учёными разных стран. В ней приняли участие более 130 историков, лингвистов, социологов, этнологов и других ученых из крупнейших научных и образовательных учреждений Российской Федерации, Азербайджана, Республики Беларусь, Казахстана, Кыргызстана, Таджикистана и Узбекистана. В рамках научного форума также состоялись встречи с известными учеными: доктором филологических наук, профессором Николаем Ивановичем Егоровым (г. Чебоксары), доктором исторических наук, заведующим отделом Института востоковедения РАН (г. Москва) и др.

По итогам мероприятия были выработаны соглашения о сотрудничестве казахстанских и российских ученых, а также были достигнуты договоренности о проведении совместных исследований и публикациях.

Нурсулу ШАЙМЕРДЕНОВА,
доктор филологических наук, профессор,
исполнительный директор НИИ тюркологии и алтаистики

В рамках Целей устойчивого развития ООН (ЦУР 12 "Обеспечение перехода к рациональным моделям потребления и производства") была организована экскурсия на дрожжевой завод в Алматы для студентов 2 курса образовательных программ «6В05103 - Биотехнология», «6В05107 - Микробиология», «6В05101- Биологическая инженерия» кафедры биотехнологии факультета биологии и биотехнологии Казахского национального университета им. Аль-Фараби.

Студенты-биотехнологи

изучают производство дрожжей



Основная цель экскурсии заключалась в демонстрации процесса производства дрожжей, которые играют важную роль в пищевой и фармацевтической промышленности. Мероприятие стало ключевым элементом практической подготовки студентов, позволяя им непосредственно ознакомиться с производственными процессами.

Во время экскурсии студенты имели возможность познакомиться с директором по качеству В.С. Саханиным, который провел им лекцию о технологических процессах производства дрожжей, показал сырьевые материалы и рассказал о методах контроля качества.

Студенты наблюдали за каждым этапом производства в реальном времени, от культивации до ферментации и очистки, что способствовало

глубокому пониманию биотехнологических процессов и их практического применения. Кроме того, студенты получили знания о значении соблюдения стандартов качества и безопасности на производстве.

Таким образом, экскурсия на дрожжевой завод стала неоценимым опытом, обогатившим студентов практическими навыками и знаниями, которые окажутся полезными в их будущей профессиональной деятельности. Кафедра биотехнологии выражает огромную благодарность за предоставленную возможность руководителю дрожжевого завода г. Алматы Егуткину Владимиру Юрьевичу и директору по качеству Саханину Владиславу Сергеевичу.

Салтанат АСРАНДИНА,
к.б.н., доцент кафедры биотехнологии

Стажировка в Fudan University

Чтобы реализовать себя как личность, получить хорошую и востребованную профессию, нужно иметь хорошее образование.

Группа ученых из НАО «Казахского национального университета имени Аль-Фараби» в составе Ахметовой З.Б., заведующей кафедрой «Бизнес-технологии» к.э.н., ассоциированного профессора, Товма Н.А., доктора (PhD), заместителя заведующей кафедрой «Бизнес-техно-

логии» по научно-инновационной деятельности и международным связям, Шуренова Н.Б., старшего преподавателя кафедры «Бизнес-технологии» посетили Fudan University (Шанхай, Китай), занимающий 36 место в мировом рейтинге QS, где прошли обучение в объеме 72 часа в рамках программы BR18574200 «Возрождение моногородов в условиях создания Нового Казахстана на основе территориального маркетинга» финансируемой Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в период с 17 июня 2024 года по 22 июня

2024 года. Fudan University является одним из старейших и престижных университетов Китая. Он первый среди ВУЗов, который отошел от традиционной системы обучения студентов «по семестрам» и ввел новую систему «по уровням». Территория университета красивая и озеленённая с развитой инфраструктурой. В ходе визита в Fudan University состоялась встреча с директором офиса международного сотрудничества госпожой Xu Yefang. Были обсуждены вопросы развития двойного диплома и международного сотрудничества. Данный ВУЗ очень прес-



тижный и нацелен на развитие академической мобильности в основном со странами Западной Европы и США. По окончании стажировки всем участникам был выдан серти-

фикат о прохождении стажировки.

Зауреш АХМЕТОВА,
к.э.н., и.о. профессор
Наталья Товма,
к.э.н., доктор (PhD)

Ұлы ордамның төрінде жарық бар мың...

(ҚазҰУ-дың 90 жылдығына)



Білім нәрі төгілген кемерінен, Тарихы бар тамырлы тереңінен. Қасиетті білімнің ордасы бұл - Таланттыны тап басып көре білген. Тоқсан жылдық тарихы қазыналы, Қойнауында гүл ғұмыр назы қалды. Болашақтың ұрпағы аршып жүрер, Тоқсан ғасыр көмбесін қазып өлі. Бұл мекенде ұлтымның болашағы, Зерделілер еліне жол ашады. Томағасын сыпырған талайлардың, Биіктеткен біліммен аласаны. Шақырғанда қол бұлғап арман алдан, Кім өтпеген шіркін-ай, жалғандардан. Ұлағатын ұғындық қара сөздің Құс тістеген аузымен заңғарлардан. Ұлы ордамның төрінде жарық бар мың, Тарландарды таусылмас танытқан шың. Тәлім алдық алдынан Қожакеев, Амандосов Таумандай алыптардың. Жүріп өткен бұл жерден ғұламалар, Шың басынан мөп-мөлдір бұлақ ағар. Түлеп ұшқан киелі шаңырақтан, Жалын болып лаулайды шырағандар. Орны ерекше ұлы ордам, тұлғаларым, Тұнған дарын кені ғой жылғаларың. Толтырыңдар қойнауын сарқылмаған, Білім деген ғаламның сырлы аралын.

Алмагүл ҚАРЖАУБАЕВА,
ақын, Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі,
университеттің 1981 жылғы түлегі

Археологтар ежелгі қоныстарды анықтады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологтары Алматы облысы аумағындағы сақ-үйсін кезеңіндегі елді мекендерді зерттеп, ежелгі қоныстардағы бірнеше тұрғын үйдің орнын анықтады.

Ғылыми-зерттеу экспедициясы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ұсынған «Қазақстанның оңтүстік-шығыс және шығыс аймақтарының (Шу-Іле ауданы, Тарбағатай және Алакөл алабы) мәдени мұрасын пәнаралық (археологиялық және тарихи-этнографиялық) зерттеу» жобасы аясында іске асырылды.

Жоба жетекшісі – PhD доктор Ринат Жұматаев. Сонымен қатар АҚШ археолог-ғалымы, профессор Клаудиа Чангтың (Claudia Chang) жетекшілігімен Белбулақ қонысы зерттелді. Қоныс үйсін дәуіріне



жатады. Биылғы далалық маусымда анықталған тұрғын үйлердің орындарын зерттеу нәтижесінде керамика сынықтары мен әртүрлі жануарлардың сүйектері табылды. Пәнаралық зерттеу үшін арнайы сынама-үлгілер алынды. Зерттеуге университет оқытушылары, ғылыми қызметкерлер, докторанттар, магистранттар және студенттер

қатысты. Бұл қонысты зерттеу келесі далалық маусымда да жалғасады. Бұл халықаралық зерттеулер тарих факультетінің жазғы дала мектептерінде дәріс оқуға және ғылыми зерттеулерге қатысуға шетелдік ғалымдарды тарту бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

Алмат ИСАДІЛ


Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары еліміздің батыс өңірінде далалық зерттеулер жүргізуде. Мамандар аймақтың тұрақты экологиялық-әлеуметтік-экономикалық дамуы, экология, су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтау мәселелерін зерттеуде.

Зерттеу жұмыстары «Жасыл өсу контекстінде Батыс Қазақстан аймақтарының табиғи, экономикалық және әлеуметтік шаруашылық жүйелерін тұрақты дамыту: кешенді талдау, концепциясы, болжамдық бағалау және сценарийлер» тақырыбындағы мега жоба аясында іске асырылуда.

Далалық экспедицияға география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының оқытушылары, сондай-ақ ғарыштық технологиялар және Жерді қашықтықтан зондтау орталығының қызметкерлері қатысуда.

Экспедицияның негізгі міндеттері – табиғи ландшафттардың қазіргі

Далалық экспедиция



жағдайын зерттеу, олардың антропогендік бұзылу дәрежесін анықтау және шаруашылық іс-әрекеттен туындаған аймақтың экологиялық мәселелерін анықтау. Зерттеулер климаттың өзгеруімен күресуге бағытталған ТДМ (Тұрақты даму мақсаттары) – 13 және құрлық экожүйелерін сақтау бойынша бағыт-

талған ТДМ 15 бағытын іске асыру шеңберінде жүргізілуде.

Далалық зерттеулердің нәтижесі – өңір ландшафттарының антропогендік бұзылуын бағалау және белгіленген учаскелерде ЖҚЗ (Жерді қашықтан зондтау) деректерін растау болып табылады.

Гүл БАЯНДИНА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық технология факультетінің 1 курс магистранты Баянсұлу Өтегенова Польшаның Николай Коперник университетіндегі жазғы мектептің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысты. Ол бұл жеңіске арнайы конкурстық іріктеу арқылы жетті.

ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Нәтижесінде ол өзінің ерекшелігі мен талантын дәлелдей отырып, әртүрлі елдерден 44 үміткер арасынан үздік шықты. Шетелдік жазғы мектеп – бұл жаратылыстану ғылымдарына қызығушылық танытқан студенттер үшін төрт апта бойы беделді шетелдік ЖОО-да химия ғылымы, биохимия және биотехнология саласындағы зерттеу жобасымен айналысуға мүмкіндік береді.

Баянсұлу профессор Мирослав Сприньский мен PhD докторы Жанар Бекісанованың жетекшілігімен «Hemostatic agent based on chemically modified diatom bio-

silica for wound healing» жобасында мүмкіндікті жібермей нәтижелі жұмыс істеді. Ғылыми жетекшілікті химия ғылымының докторы, профессор Әлия Оспанова жүзеге асырды.

Баянсұлу әртүрлі елдерден келген 15 қатысушы арасында «Жобаны үздік таныстыру» номинациясы бойынша 1-ші орынды иеленіп, ғылыми зерттеу өз жемісін берді.

Сапар барысында Торунидегі Николай Коперник университеті мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасындағы одан әрі ғылыми ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Света ӘБИЛҒАЗЫҚЫЗЫ




44 үміткер арасынан үздік шықты

Баянсұлу ҚазҰУ-дың физикалық химия катализ және мұнай-химия кафедрасында



ҚазҰУ-да құрылыс-жөндеу жұмыстары пысықталды



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының
Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30,
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі
редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды,
үш компьютерлік беттен асатын материалдар
қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала
көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.